## Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 1

**26.09.2024ж.**

**Қатысқандар:**
Сынып жетекші – Купеева Гаухар Сеитовна

Мектеп психологі – Жакий Қарлығаш
Қатысқан ата-аналар – 6

Қатыспаған ата-аналар – 2

**Күн тәртібінде қаралған мәселе:**

1. Оқу жылының басталуындағы мектеп талаптарымен таныстыру, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша түсініктеме, баяндама. Сынып жетекшісі Купеева Гаухар Сеитовна.
2. Оқушының жеке басының қауіпсіздігі, буллингтің алдын алу және қауіпсіздік талаптарымен танысу. Психолог Жакий Қарлығаш.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің **бірінші** мәселесі бойынша сынып жетекшісі Купеева Гаухар Сеитовна ата-аналарға 2023-2024 оқу жылының қорытындысын айтып өтті. Оқу жылын 4 қыз бала және 6 ұл бала барлығы 10 оқушымен аяқтады. Биылғы жылы 2 қыз бала және 6 ұл бала, барлығы 8 оқушы жыл басын бастады. Ата - аналарға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша ата - ана, оқушы және ұстаз болып тығыз қарым қатынаста бірлесіп жүзеге асыру мақсатында сынып жетекшісі - Купеева Гаухар Сеитовна қысқаша түсінік баяндама оқыды.

Күн тәртібіндегі **екінші** мәселе бойынша оқушыныг жеке басының қауіпсіздігі бойынша мектеп психологі Жакий Қарлығаш сөз сөйледі және бейнетаспадағы ақпараттармен ата -аналарды таныстырды. «Буллинг» деген ұғым бойынша түсініктеме айтылды, оқушылар арасында телефондағы ойын түрлерініе тәуелділік туындауының алдын алу бағытында сұрақ -жауап өткізілді, талқыланды.

**Қаулы:**

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.

2. Ата- аналар сынып жетекшісімен бірлесе отырып оқушылардың жеке қауіпсіздігін сақталуы, бақылауға алыну қатаң тапсырылсын.

Хатшы: Ж. Жанбекова

Психолог Жакий Қ

Сынып жетекшісі Купеева Г.С

Scanned with ACE Scanner

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы
# №2

**Күні:**___26.09.2024 ж
**Тақырыбы:** «Бала қауіпсіздігінің алдын-алуы»
**Өткізу форматы:** (офлайн) білім беру ұйымының педагогикалық ұжым мен сынып жетекшілер және ата-аналар асындағы жалпы жиналыс
**Мақсатты аудитория:**Білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кеңес ұсынылған жүргізу тәртібіне сәйкес ауытқусыз өткізілді.
**Қатысушылар:** 1-11 сынып ата-аналары
**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-ана және сынып оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.Сынып сағаттары мен ата-аналар жиналысын өткізу.
2. Ата-аналар мен сынып жетекшілерге кеңес беру.
3. Ата-аналарға бала қауіпсіздігінің алдын-алуы бойынша ақпарат беру.
4. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру

2. **Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Нұржанова Бибіжан Биляловна** сөз алды. Ата-аналарға презентация мен видео ролик көрсетілді.Балалардың қауіпсіздігінің алдын-алуы 5-ереже бойынша түсіндірілді.Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-ананың басты міндеті.Балалардың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін алдын-алу үшін қоғам болып күресуіміз қажет.Бізді алаңдататын нәрсе- әлеуметтік желілердегі түрлі жағымсыз жағдайларға тап болуы,кейде тіпті өз өмірлеріне қауіп төндіруі бізді қатты алаңдатады.Сондықтан барлық сынып жетекшілер сынып сағатын өткізіп,түсіндірме жұмыстарын күшейтуі қажет.
**Мектеп психологы Жакий Қарлығаш** сөзалды. Өздеріңізге белгілі әлеуметтік желідегі «SCHOOLBOY RUNAWAY» ойыны жасөспірім балалардың психикасына әсер ету мен қатар өлімге итермелейтін қауіпті ойындардың бірі.Бұл ойынға қатысушылар біртіндеп қауіпті бола түсетін түрлі тапсырмаларды орындауға шақырады.Балалар ойын ұйымдастырушының ықпалына түсіп,оның қауіптілігін түсінбеуі мүмкін.Ойынның мақсаты ата-анадан қашукерек, әйтпесе олар сені ұрып-соғады деген түсінік қалыптасады.
Осы мәселені ата-аналар мен оқушыларға түсінідіріп,уйде ата-аналар балалардың ұялы телефонын жіті қадағалауды ескерту.
**Ата-ана Абылкадырова** сөз алды.Құрметті ата-аналар баланың қауіпсіздігі бізге міндет. Балаларымыз үшін алаңдаймыз.Сондықтан барлық ата-аналарға айтарым балаларыңызды бақылауға алып,әлеуметтік желідегі сайттарын әртүрлі ойнайтын ойындарын тексеріп,қажет болса керек деген сайттар мен ойындарды бұғаттау керек.Күнделікті жүріс-тұрысын,араласатын ортасын бақылау ұялы телефонды пайдалану уақын шектеу керек.
Уақыттылы демалуына,сабаққа қатысуы,тәртібін,тәрбиесін қадағалау аса маңызды.
**Қаулы етеді:**
1.Баланың телефонындағы қосымшалар мен ойындарды тексеру ата-ананың бақылауында болсын
2.Әлеуметтік желілер мен топтар бақылауға алынсын
3.Интернетті пайдалану уақыты шектелсін
4.Балаңыздың уақыттылы ұйықтап демалуын қадағалау
5.Балаңызбен үнемі байланыста болыңыз.
Осы айтылған іс-әрекеттерді іске асыру ата-ана мен сынып жетекшілерге жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Н.Оспанов**
**Хатшының қолы:** **Жанбекова Ж.Б**
**ДТІЖО:** **Нұржанова Б.Б.**
**Мектеп психологы:** **Жакий Қ.**

Scanned with ACE Scanner

Жалпы ата-аналар жиналысы хаттамасы №2

**Хаттама№2**

17.03.2024 ж «Абай атындағы Шұбаркөл атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қатысқаны: 45 ата-ана

**Күн тәртібінде :**

1. Оқушылардың алған білімдерінің динамикасы мен мониторингі бойынша 3 тоқсан қорытындысы ДОІЖО: Текебаева А.Т
2. Демалыс кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздікті қамтамасыз ету ДТІЖО:Нуржанова Б.Б
3. Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы (сайлау ережесімен таныстыру) Мектеп директоры: Шарипова М.А
4. Түлектерді аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындау ДОІЖО: Кусайнова Г.Б
5. Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу. Мектеп психологы: Жакий Қ

**Барысы:**

Жиналыс тренинг форматында өтті. Ата-аналар «Санамақ» әдісі арқылы төрт топқа бөлінді.

1.Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жәніндегі орынбасары Текебаева А.Т оқушылардың алған білімдерінің динамикасы мен мониторингі бойынша 3 тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырды. Оқу озаттары мен екпінділерді атап өтті.

2.Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нуржанова Б.Б көктемгі демалыс кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы лайд көрсетіліп, түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар балаларының өміріне жауапты екенін өздері айтып кетті. Сонымен қатар демалысты қайтсе қызықты етіп өткізссе болады деген сұраққа жауап жазды.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Кусайнова Г.Б 11 сынып оқушылары, түлектерді аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындау жөнінде ақпарат берді. Оқушылардың бейіндік таңдау пәндерін 9-10 сыныптан бастап таңдап сол бағытта дайындалу керек екендігіне және балааның бейіміне баратын оқуынын дұрыс бағыт беруге ақпарат берді. ЖОО сайтынан оқу орындары мен таңдау пәндері туралы ақпарат алу туралы айтып өтті.

Scanned with ACE Scanner

5. Төртінші мәселе бойынша мектеп психологы Жакий Қ оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар беріп, ата-аналармен тренингтар өткізді.

**Жарыс сөз:**

1.Ата-аналар комитеті Муздрапова Ж: Жиналыс жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Балаларымыздың 3 тоқсан бойынша қорытындысын білдік. Топтық жұмыста балаларымыздың өмір қауіпсіздігі, біз елей бермейтін жағдайлар қарастырылды, балаларымызды үйірмелерге қатысуна қолдау жасаймыз. Тренигта қызықты өтті.

2. Ата-ана Мусина Б.С: 3 тоқсан бойынша балалардың үлгерімін білдік. Келесі тоқсанда білімдерін көтеруге ықпал етуге тырысамыз. Сайлау жөнінде ақпарат алдық. 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығы қосымша сабақтар ұйымдастырса қолдау көрсетіп,баламыздың дайындығына көңіл бөлеміз.

**Қаулы:**

1.Оқушылардың білімдерінің сапасын көтеруге ата-аналар тарапынан қолау көрсетуге ықпал жасалынсын
2. Оқушылардың көктемгі демалыс, өмір қауіпсіздігіне тікелей ата-аналар жауапты екенін ескерілсін
3. Түлектердің ҰБТ-ға дайындығы ата-аналар тарапынан қолдау тапсын, күшейтілсін.
4. Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар, тренинг барысындағы ақыл-кеңестер бала тәрбиесінде басшылыққа алынсын
.

**Жиналыс төрағасы:** Н. Османов
**Хатшы:** Ж. Муздрапова

# Жалпы ата-аналар жиналысы

## Хаттама № 2

### ХАТТАМА №2

24.12.2023-2024 оқу
Қатысқаны – 35
Қатыспағаны – 12
Себептісі –
Тақырыбы: Баланың бас ұстазы- ата ана
Мақсаты:1. Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
2. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.
Міндеті:
1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата - ананың жауапкершілігі.
2. Мектепте ата - ананың оқу - тәрбие саласындағы рөлі.
3. Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата - ананың бірігіп жұмыс жасауы.
Әдіс - тәсілдер: Пікірлесу, сұрақ – жауап

Күн тәртібінде:
1.Баяндама « Баланың бас ұстазы- ата ана»
2. Ата аналармен бағалаудың түрлерімен таныстырудан тренинг жүргізу
3. Екінші оқу тоқсанының қорытындысы
4.қосымша сұрақтар (Жана жыл мерекесіне дайындық, мектеп формасы, сабаққа екінші аяқ киім әкелу,кешікпей келу т.б.)

Жиналыс барысы
1. Кіріспе:
2. Жиналыс мақсатын айту
Кіріспе сөз. :
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нуржанова Бибижан Билалаовна
Ардақты ата - аналар! Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді.
Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.
Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен

Scanned with ACE Scanner

тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

3. Қызығушылығын ояту.

- Ата - аналар бір біріне жүрекше сыйлау арқылы ыстық лебізін білдіреді.

  4. Баяндама. Ата-аналар педагогикалық орталығының жетекшісі Жакий Қ « Баланың бас ұстазы- ата ана»

Құрметті ата - аналар ұлтымыздың қанындағы ізеттілік – дөрекілікке, қайырымдылық - қатыгездікке, жомарттық - тоғышарлыққа, адалдық - арамдыққа, парасаттылық - парықсыздыққа ауыспасын деген үлкен үміт тұр.

Өмірдің өтпелі қиын кезеңінде ұл - қыздарымыздың саналы тәрбие мен нақты білім алуларына күш салайық. Балаға жауапкершілікпен қарап, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындап, бірлесе, ынтымақтаса әрекет етуіміз қажет деп бүгінгі жиналысымызды аяқтағалы отырмыз.

2-мәселе бойынша Ата аналарға тапсырма беру арқылы , сол тапсырманы орындап болған соң көршісімен тапсырмасын ауыстырып , сол тапсырманы тексеру барысында ұпай санын қояды. Сол ұпай саны бойынша мен ата аналарды бағалаймын. Осылайша оқушыларды әр бөлім бойынша жиынтық бағалау алып бағалаймын.

3-мәселе бойынша екінші оқу тоқсанының қорытындысы

Екінші оқу тоқсанының қорытындысы бойынша сапа 76%

Оқу озаты -12_______________________________________________

Оқу екпінділері-30__________________________________________

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы төмендегідей қаулы қабылдады:

- «Баланың бас ұстазы- ата ана» атты баяндама тыңдалды.
- Бағалаудың түрімен таныстырылды.
- Екінші оқу тоқсанының қорытындысы.
- Балалардың сабағын үздіксіз қадағалау .

Мектеп директоры: Н.Оспанов_______________________

Хатшы : Базарбай Н

Scanned with ACE Scanner

**Ата- аналар жиналысы отырысының**
**ХАТТАМАСЫ №5**

Қатысқан: 40 ата-ана, 12 сынып жетекші
жыл Күні: 10.10.2023

**Күн тәртібінде**

1. **2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы;**
2. **«Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы;**
3. **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы;**
4. **Әр түрлі мәселелер;**

**Тыңдалды:**

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Кулкаева, ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие саласында болатын өзгерістермен Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мазмұнына тоқталып, бағдарлама 2023-2026 жылдарға арналғандығын, 3 негізі тәрбие құндылықтарына негізделгендігін түсіндірді. Тәрбиенің 3 негізгі құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар- ұят, Талап құндылықтары аясында мектеп оқушы ата-ана үштік одағы бірігіп отырып, жұмыс жасау керектігі айтылды. Сонымен қатар, мектепте Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің және де «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ ұсынған «Ата- аналарды қолдау орталығы жұмыс» жұмыс жасайтындығын айтып өтті. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» негізінде берілген ата-аналарға арналған оқу бағдарламасымен жұмыс жүргізілетіндігін жеткізіп, Орталық аясында «Даналық мектебі» құрылып, оның «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секциялары жұмыс атқаратындығын, әр сексияның жылдық жұмыс жоспары жасалынғандығын, осы жоспар аясында жұмыс жасайтындығын айтты. Сонымен бірге жылдағыдай «Әкелер», «Аналар» мектебі жұмыс жасайтындығын, осы мектептер аясында да бірігіп жұмыс жасауға ата-аналарды шақырып, «Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы ата-аналарды хабардар етті.

Сынып жетекшілер арқылы таратылған хабарлама желісінде мектеп формасын сақтау, түнгі 23:00 ден кейін ата-анасыз, заңды өкілінсіз жүрмеу, сабақ үстінде ұялы телефон ұстамау т.с.с ережелерді жеткізіп, 2022-2023 былтырғы оқу жылында ата-аналар комитетінің төрайымы Тамабекова М.С болған тұғын, ол кісінің жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға бере отырып, биылғы 2023-2024 оқу жылына да қалдыратынын ұсынды.

Ата-аналардың ұсынысы бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын былтырғы оқу жылындағыдай қалдыруды жөн көрді. Осыған орай, сыныпта сайланған ата-аналар комитетінің төрайымдарына ата-аналарға арнап ортақ чат ашып, сыныптағы басқа ата-аналармен мектеп мәселелері мен жаңалықтары бойынша жұмыс жүргізуді

Scanned with ACE Scanner

сұранды. Жыл бойы мектепте атқарылатын мектепішілік іс-шараларға қатысып, қолдау білдіріп, көмек көрсетулері керектігіне тоқталды. Жиналыстың қорытындысында мектеп психологі А.Д.Шагирова «Мен қандай ата –анамын?» тақырыбында қызықты тренинг өткізіп, соңы пікіралмасуға жалғасты.

**Шешімі:**

1. 2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы айтылған баяндама назарға алынсын.
1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектеп-оқушы-ата-ана үштік байланысында жүзеге асырылсын.

3. «Ата-аналарды қолдау орталығы» ашылсын.

4. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» аясында ата-аналар сабағы жүргізілсін, ата-аналар тізім бойынша сабақтарға қатыссын.

5. «Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» ата-аналар жадында ұстасын.

6. 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитетінің төрайымы болып М.Тамабекова сайлансын.

7. Ата-аналардың мектеппен байланысы арттырылсын.

**Жиналыс төрағасы:** Н. Осланов

**Хатшы:** Г. Ондыбаева

Scanned with ACE Scanner

## Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының
## №2 хаттамасы

**Өтілген күні: 18.11.2023 жылы сағат 17.30-да**
**Қатысқандар:**Мектеп әкімшілігі,Сынып жетекшілер,1-11сыныпата-аналары
Барлығы – 55 ата-ана
**Күн тәртібінде:**
1.1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы
Мектеп асханасының жұмыс істеу тәртібі туралы
Мектеп директоры: Оспанов Н.
Оқу ісінің меңгерушілері: Текебаева А.Т
Тәрбие ісінің меңгерушісі: Нуржанова Б.Б
2.Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтын, өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы
Жакий Қ.,мектеп педагог-психологы
3.Мектеп оқушыларының үйлеріне рейд жүргізудің қорытындысы туралы
Тәрбие ісінің меңгерушісі: Нуржанова Б.Б
4.Көп балалы отбасы мен аз қамтылған отбасы балаларына көрсетілетін көмек туралы
Тәрбие ісінің меңгерушісі:. Нуржанова Б.Б
5.Сыбайлас жемқорлық бойынша жүргізілген жұмыстар туралы
Хайрат А «Адал Ұрпақ» клубының жетекшісі
7.Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу туралы
Нуржанова Б.Б,тәрбие ісі орынбасары
8.Сынып ата-аналар жиналысы

**Мектеп директоры Оспанов Н. сөз алды:**

Биылғы 2023-2024 оқу жылының 1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті.Қорытынды бойынша қанша оқу озаты,оқу екпіндісі болғанын,оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту,орындалу барысын толықтай баяндап берді.Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2.Екінші сұрақ бойынша өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы мектеп педагог-психологы арнайы презентация,видеороликтер көрсетіп,ата-аналарға пайдалы кеңестер берді.

3.Үшінші сұрақ бойынша тұрмыстық қиын жағдайда қалған отбасындағы оқушылардың жағдайын бақылап,тексеру мақсатында ата-аналар

Scanned with ACE Scanner

комитетімен,мектеп инспекторы және ұстаздардан бірлескен патрульдік рейд құрылып,оқушылардың үй-тұрмыс жағдайын тексерген қорытынды туралы тәрбие ісі орынбасары Нуржанова Б.Б. айтып өтті.

4.Бесінші сұрақ төңірегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары,оқушылар арасында сыбайлас жемқорлық мәселелерін түсіндіру мақсатында «Адал Ұрпақ» клубы мүшелерімен атқарылған жұмыстар қорытындысы туралы клуб жетекшісі Хайрат А айтып өтті.

5.Алтыншы сұрақ бойынша мектепте өткізілетін сабақтан тыс үйірмелер мен спорттық секциялардың өту және орындалу барысымен бірлестік жетекшілері 1 тоқсанда өтілген жұмыстар туралы ата-аналар алдында фотоотчетпен,слайдтармен есеп берді.

6.Жаңа жылдық мерекелердің ұйымдастыру барысы туралы тәрбие ісі орынбасары Нуржанова Б.Б барлық ертеңгіліктер мен маскарадтар мектеп акт залында, ата-аналар мен ұстаздардың ұйымдастыруымен өтетінін айтып өтті. Ата-аналар тарапынан сұрақ болған жоқ.

**Шешім:**

1. Оқушылардың 1 тоқсандағы үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Мектеп асханасының жұмысы қанағаттанарлық деп,алдағы уақытта асханада оқушыларды тамақтандыру барысын жандандырып,бақылау күшейтілсін.
3. Көп балалы,аз қамтылған,тұрмыстық қиын жағдайда қалған отбасыларға көмек көрсету белгілі бір бағытта,жоспарлы түрде іске асырылып отырсын
4. Өз өзіне қол жұмсаудың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстар , «Адал Ұрпақ» клубының жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып,алдағы уақытта жұмыстың жүру,өту барысы жандандырылсын
6. Мектептегі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып,сабақтардың өту барысы қатаң қадағалауға алынсын.
7. Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен балдық маскарадтар ата-аналар,оқушылар және ұстаздардың ұйымдастыруымен мектеп қабырғасында өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Нуржанова Б.Б

Жиналыс хатшысы: Ондыбаева Г.Б

Scanned with ACE Scanner

**Ата- аналар жиналысы отырысының**
**ХАТТАМАСЫ**

Қатысқан: 40 ата-ана, 11 сынып жетекші жыл

Күні: 10.10.2023

**Күн тәртібінде**

1. **2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы;**
2. **«Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы;**
3. **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы;**
4. **Әр түрлі мәселелер;**

**Тыңдалды:**

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Б.Нуржанова ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие саласында болатын өзгерістермен Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мазмұнына тоқталып, бағдарлама 2023-2026 жылдарға арналғандығын, 3 негізі тәрбие құндылықтарына негізделгендігін түсіндірді. Тәрбиенің 3 негізгі құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар- ұят, Талап құндылықтары аясында мектеп оқушы ата-ана үштік одағы бірігіп отырып, жұмыс жасау керектігі айтылды. Сонымен қатар, мектепте Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің және де «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ ұсынған «Ата- аналарды қолдау орталығы жұмыс» жұмыс жасайтындығын айтып өтті. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» негізінде берілген ата-аналарға арналған оқу бағдарламасымен жұмыс жүргізілетіндігін жеткізіп, Орталық аясында «Даналық мектебі» құрылып, оның «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секциялары жұмыс атқаратындығын, әр сексияның жылдық жұмыс жоспары жасалынғандығын, осы жоспар аясында жұмыс жасайтындығын айтты. Сонымен бірге жылдағыдай «Әкелер», «Аналар» мектебі жұмыс жасайтындығын, осы мектептер аясында да бірігіп жұмыс жасауға ата-аналарды шақырып, «Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы ата-аналарды хабардар етті.

Сынып жетекшілер арқылы таратылған хабарлама желісінде мектеп формасын сақтау, түнгі 23:00 ден кейін ата-анасыз, заңды өкілінсіз жүрмеу, сабақ үстінде ұялы телефон ұстамау т.с.с ережелерді жеткізіп, 2022-2023 былтырғы оқу жылында ата-аналар комитетінің төрайымы Муздрапова Ж болған тұғын, ол кісінің жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға бере отырып, биылғы 2023-2024 оқу жылына да ұсынды.

Ата-аналардың ұсынысы бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын былтырғы оқу жылындағыдай қалдыруды жөн көрді. Осыған орай, сыныпта сайланған ата-аналар комитетінің

Scanned with ACE Scanner

төрайымдарына ата-аналарға арнап ортақ чат ашып, сыныптағы басқа ата-аналармен мектеп мәселелері мен жаңалықтары бойынша жұмыс жүргізуді сұранды. Жыл бойы мектепте атқарылатын мектепішілік іс-шараларға қатысып, қолдау білдіріп, көмек көрсетулері керектігіне тоқталды. Жиналыстың қорытындысында мектеп психологі Жакий Қ «Мен қандай ата – анамын?» тақырыбында қызықты тренинг өткізіп, соңы пікіралмасуға жалғасты.

**Шешімі:**

1. 2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы айтылған баяндама назарға алынсын.
1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектеп-оқушы-ата-ана үштік байланысында жүзеге асырылсын.
3. «Ата-аналарды қолдау орталығы» ашылсын.
4. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» аясында ата-аналар сабағы жүргізілсін, ата-аналар тізім бойынша сабақтарға қатыссын.
5. «Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» ата-аналар жадында ұстасын.
6. 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитетінің төрайымы болып .Муздрапова Ж
7. Ата-аналардың мектеппен байланысы арттырылсын.

**Жиналыс төрағасы:** Осланов Н

**Хатшы:** Гаргебаева Г. Б

Scanned with ACE Scanner

Абай атындағы Шұбаркөл ЖББМ

Жалпы мектепшілік Ата-аналар жиналысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

27.09.2023ж

Қатысқандар саны: 50

Күн тәртібінде:

1. Мектептің жаңа оқу жылына арналған бағдарламасымен таныстыру.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету ережелерімен таныстыру.
3. Білімалушыларға ортақ талаптар. Ішкі тәртіп.
4. Мектепке арналған оқушы киіміне талап.
5. Оқушыларға арналған ыстық тамақ ұйымдастыру.
6. 27.07.2007ж № 319-Ш «Білім» заңындағы құқықтық жан-жақты білім беру туралы ақпаратпен таныстыру.

Бірінші сұрақ бойынша мектеп оқу ісінің меңгерушісі Г. Кусаинова оқу жылының бағдарламасымен таныстырды.

Екінші сұрақ бойынша мектеп директоры Н.Оспанов мемлекеттік қызмет көрсету ережелерімен таныстырды.

Үшінші, төртінші және бесінші сұрақ бойынша мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары Нұржанова Б.Б сөз сөйледі. Нұржанова Б.Б мектептің оқушыларының тамақтану жүйесімен толық таныстырды және жеңілдікпен тегін тамақтанатын оқушыларың тізімімен таныстырды. Аталмыш оқушылар мемлекеттік қызмет көрсету заңы: «Жалпы білім беретін мектептердегі әлеуметтік санаттағы отбасылардың оқушыларына арналған тегін тамақтану» сәйкес екенін толықтады.

Алтыншы сұрақ бойынша Жанбекова Ж балалар құқығы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіді.

Директор: Н. Оспанов

Хатшы: Жанбекова Ж.Б

Scanned with ACE Scanner

**Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының**
**№2 хаттамасы**

**Өтілген күні: 18.11.2023 жылы сағат 17.30-да**
**Қатысқандар:**Мектеп әкімшілігі,Сынып жетекшілер,1-11сыныпата-аналары
Барлығы – 55 ата-ана
**Күн тәртібінде:**
1.1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы
Мектеп асханасының жұмыс істеу тәртібі туралы
Мектеп директоры: Оспанов Н.
Оқу ісінің меңгерушілері: Текебаева А.Т
Тәрбие ісінің меңгерушісі: Нуржанова Б.Б
2.Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтын, өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы
Жакий Қ.,мектеп педагог-психологы
3.Мектеп оқушыларының үйлеріне рейд жүргізудің қорытындысы туралы
Тәрбие ісінің меңгерушісі: Нуржанова Б.Б
4.Көп балалы отбасы мен аз қамтылған отбасы балаларына көрсетілетін көмек туралы
Тәрбие ісінің меңгерушісі:. Нуржанова Б.Б
5.Сыбайлас жемқорлық бойынша жүргізілген жұмыстар туралы
Хайрат А «Адал Ұрпақ» клубының жетекшісі
7.Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу туралы
Нуржанова Б.Б,тәрбие ісі орынбасары
8.Сынып ата-аналар жиналысы

**Мектеп директоры Оспанов Н. сөз алды:**

Биылғы 2023-2024 оқу жылының 1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті.Қорытынды бойынша қанша оқу озаты,оқу екпіндісі болғанын,оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту,орындалу барысын толықтай баяндап берді.Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2.Екінші сұрақ бойынша өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы мектеп педагог-психологы арнайы презентация,видеороликтер көрсетіп,ата-аналарға пайдалы кеңестер берді.

3.Үшінші сұрақ бойынша тұрмыстық қиын жағдайда қалған отбасындағы оқушылардың жағдайын бақылап,тексеру мақсатында

Scanned with ACE Scanner

ата-аналар комитетімен,мектеп инспекторы және ұстаздардан бірлескен патрульдік рейд құрылып,оқушылардың үй-түрмыс жағдайын тексерген қорытынды туралы тәрбие ісі орынбасары Нуржанова Б.Б. айтып өтті.

4.Бесінші сұрақ төңірегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары,оқушылар арасында сыбайлас жемқорлық мәселелерін түсіндіру мақсатында «Адал Ұрпақ» клубы мүшелерімен атқарылған жұмыстар қорытындысы туралы клуб жетекшісі Хайрат А айтып өтті.

5.Алтыншы сұрақ бойынша мектепте өткізілетін сабақтан тыс үйірмелер мен спорттық секциялардың өту және орындалу барысымен бірлестік жетекшілері 1 тоқсанда өтілген жұмыстар туралы ата-аналар алдында фотоотчетпен,слайдтармен есеп берді.

6.Жаңа жылдық мерекелердің ұйымдастыру барысы туралы тәрбие ісі орынбасары Нуржанова Б.Б барлық ертеңгіліктер мен маскарадтар мектеп акт залында, ата-аналар мен ұстаздардың ұйымдастыруымен өтетінін айтып өтті. Ата-аналар тарапынан сұрақ болған жоқ.

**Шешім:**

1. Оқушылардың 1 тоқсандағы үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Мектеп асханасының жұмысы қанағаттанарлық деп,алдағы уақытта асханада оқушыларды тамақтандыру барысын жандандырып,бақылау күшейтілсін.
3. Көп балалы,аз қамтылған,тұрмыстық қиын жағдайда қалған отбасыларға көмек көрсету белгілі бір бағытта,жоспарлы түрде іске асырылып отырсын
4. Өз өзіне қол жұмсаудың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстар , «Адал Ұрпақ» клубының жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып,алдағы уақытта жұмыстың жүру,өту барысы жандандырылсын
6. Мектептегі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып,сабақтардың өту барысы қатаң қадағалауға алынсын.
7. Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен балдық маскарадтар ата-аналар,оқушылар және ұстаздардың ұйымдастыруымен мектеп қабырғасында өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: Нуржанова Б.Б

Жиналыс хатшысы: Ондыбаева Г.Б

Scanned with ACE Scanner